

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Құстар қалай қыстайды?

ЖАРИЯЛАНДЫ  
01.03.2019СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/54146/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Қоршаған ыртамен таныстыру.

Өткізілген күні: 13.01.2016 жыл

Оқу іс-әрекетінің тақырыбы: Қыс. Құстардың қысқы тіршілігі.

Мақсаты:

1. Қыс мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру.
2. Қыс кезіндегі құстардың тіршілігі туралы әңгімелеу арқылы балалардың қамқорлық жасауға деген белсенділіктерін арттыру.
3. Табиғатты аялауға баулу.

Сөздік жұмыс: жем, нан қиқымдары, кептірілген жемістер, үйшіктер.

Іс-әрекет бөлімдері Педагогтің іс-әрекеті Балалардың іс-әрекеті  
Ынталандыру. Сезімді ояту. Балаларды дөңгелене тұрғызып, төмендегі өлең жолдарын айтқызады.

Кел,балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік. Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік. Бәрі қосылып айтады.

Ізденістер.

Ұйымдастыру

Қорытындылау 1. Қыс мезгілінің ерекшелігін әңгімелейді. Т. Молдағалиевтің қыс туралы өлеңі оқылады.

2. «Құстар қалай қыстайды?» ертегісін оқу арқылы құстардың қысқы тіршілігімен таныстырады.

Құстардың қысқы тіршілігі бейнеленген суреттер арқылы

балаларға құстардың тіршілігі  
жөнінде түсінік беру.

Қыс мезгіліндегі құстардың азығы,  
олардың немен қоректенетінін  
әңгімелеу. Адамдардың құстарға  
жасайтын көмектері туралы  
мағлұмат беріледі.

3. Сергіту жаттығуын орындату.

Күнде аспанға қараймыз,

Қайтқан құсты санаймыз.

Үшбұрыш боп тырналар,

Көк жүзінде сырғанар.

4. «Құстар» дидактикалық ойыны.

Шарты: суреттер бойынша

құстарды екі топқа топтастыру.

Жыл құстары және отырықшы құстар.

5. Сабақты қорытындылау.

Балалардың білімдерін бекіту үшін

төмендегідей Сұрақтар қойылады:

1. Біздің өлкемізде қандай құстар қыстап қалады?

2. Олардың тіршілігі туралы  
әңгімеле.

3. Қыстап қалатын құстарға

адамдар қандай көмек көрсетеді? Тыңдайды, Сұрақтар

қояды, сұрақтарға

жауап береді.

Балалар сурет

бойынша қыс мезгілі

туралы әңгімелейді.

Құстарға өздері қалай

көмек көрсеткендері

туралы айтады.

Өлең мазмұнына

байланысты

қимылдар жасайды.

Сурет бойынша

жыл құстары мен

отырықшы құстардың

аттарын атайды.

Оларды екі топқа

топтап айтады.

Сұрақтарға жауап

береді, бір-бірінің

сұрақтарын

толықтырып айтады.

35

Күтілетін нәтиже: құстардың қысқы тіршілігі оларға қамқорлық туралы өз көзқарасының болуы.

Білуі тиіс: қыстап қалған құстарға қамқор бола білу.

Түсінігі: жыл құстары мен ұшып кететін құстардың айырмашылығын түсіну.

Көрсете білуі: тапсырмаларды дұрыс орындап көрсету.

**КМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.